



**Тісжегіден қабыну үдерісінің тістің ұпасына көшу ықтималдылығымен терең тісжегіні емдеуге  
КЕЛІСІМ-НЫСАНЫ**

Мен «терең тісжегі» диагнозымен тісімді емдеудің көрсетілгені және кеңес берілгені туралы дәрігер тарапынан ақпараттандырылдым.

Дәрігер маған тіс ұлпасының тіршілік әрекетін сақтау мақсатында маған ұсынылған емдеу әдісін және емдеуден бас тартқан немесе емдеуден кейін дәрігердің кеңестерін орындамаған жағдайда орын алуы мүмкін салдары туралы түсіндірді. Атап айтқанда, маған емдеу жүргізуден кейін бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін созылуы мүмкін жайсыздық сезімі мен ауру белгілерінің сезілуі мүмкін екені ескертілді, оларды жою үшін дәрігер қажет деп тапқан жағдайда препараттарды тағайындайды.

Сондай-ақ, маған тістің ұлпа камерасына қатысты тісжегі үдерісінің терең таралуымен байланысты ұлпа тінінің зақымдалу ықтималдылығы бар екені ескертілді. Қабыну үдерісінің асқынуы жағдайында, маған бұл тісіме эндодонтикалық емдеу (жүйке тамырларын жою) жүргізу қажет болатыны ескертілді. Пульпиттің барын білдіретін үдерістің асқыну белгілеріне көп жағдайда мыналар жатады:

1. Емдеуден кейін тістің қатты (көп жағдайда түнгі уақытта) ауыруы, ауыру уақыт өтісімен күшеюі мүмкін.
2. Бұл тіспен тістеу (қысым түсіру) кезінде күшейе түсетін ауыру сезімінің пайда болуы.
3. Рентген түсірілімінде осы тістің периапикалды тінінде қабыну үдерісінің анықталуы.

Маған төменде көрсетілген күндері дәрігер сырттай тексеру жүргізіп, емдеу нәтижелерін бағалап, емдеу жоспарына түзетулер енгізіп, тіске рентген-бақылау жүргізу үшін қайта тексеруге келуге тиіс екенім түсіндірілді.

Маған терең тісжегіні емдеу кезінде Емхана кепілдігінің пульпиттің асқыну жағдайларына немесе тістің ұлпасында қабыну үдерісінің асқыну жағдайларына таралмайтыны және оларды қамтымайтыны ескертілді.

Дәрігер менің барлық сұрақтарыма жауап берді және мен осы келісім нысанында жоғарыда аталғанның бәрін толық түсінемін.